

Жаңаөзен қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен мөлшерін анықтау Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 9/79 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 23 қазанда № 2166 тіркелді. Күші жойылды - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 26/219 қаулысымен.

Күші жойылды - Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 26/219 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 "Тұрғын үй қатынастары туралы" заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жаңаөзен қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен мөлшерін анықтау Қағидасы (бұдан әрі-Қағида) бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, экология, қоғамдық қауіпсіздік, әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,
Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т

хатшысы

С.Мыңбай

«Келісілді:»

«Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының м.а.
Б . М а р к а ш о в а

26 қыркүйек 2012 ж.

«Жаңаөзен қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Н . Ғ ұ м а р о в а

26 қыркүйек 2012 ж.

Жаңаөзен қалалық мәслихатының
2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 9/79
шешімімен бекітілген

Жаңаөзен қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен мөлшерін анықтау Қағидасы

1. Жалпы ережелер

1.Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Жаңаөзен қаласының аумағында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (а з а м а т т а р ғ а) :

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға ;

тұрғын үйдің меншік иелерінің немесе жалдаушыларының (қосымша жалдаушыларының) отбасыларына (азаматтарына) коммуналдық қызметтерді т ұ т ы н у ғ а ;

байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге беріледі.

Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін

абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Шекті жол берілетін шығыстар үлесі – телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматтың) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне жеті пайызбен қатынасы болып табылады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу бойынша уәкілетті орган " Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-уәкілетті орган) болып анықталды (келісім б о й ы н ш а) .

3. Жеке меншігінде бірден артық тұрғын үй (пәтері, үй) бар отбасылар немесе тұрғын үйді жалға берушілер тұрғын үй көмегін алу құқығын жоғалтады.

Барлық санаттағы мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды, күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттар мен магистранттарды, сондай-ақ бірінші және екінші топтағы, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларды , сексен жастан асқан адамдарды, үш жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда тіркелмеген жұмысқа жарамды жұмыссыз азаматтарға, уәкілетті орган ұсынған жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналастырудан, кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, осындай жұмыстарға қатысуды және оқуды өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздарға тұрғын үй көмегі т а ғ а й ы н д а л м а й д ы .

4. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй аумағы бір адамға 18 шаршы метр, жалғыз тұратын азаматтар үшін 30 шаршы метрден аспайтын м ө л ш е р д е қ а б ы л д а н а д ы .

Жұмыссыз адам жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналасқан, кәсіби даярлауға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілген күннен бастап, ал Қазақстан Республикасының еңбекке

жарамды азаматтары жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқан күннен бастап тұрғын үй көмегі қайта қалпына келтіріледі.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) (бұдан әрі – өтініш беруші) тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) өтініш;
- 2) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 4) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 5) отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді;
- 6) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;
- 7) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;
- 8) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;
- 9) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

Құжаттың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады. Жауапты тұлға құжаттарды қабылдаған сәтте ұсынылған көшірмелерді құжаттардың түпнұсқасымен салыстырады және салыстыруды өткізгеннен соң түпнұсқаларды қайтарады.

6. Шешім - уәкілетті орган маманының және басшысының қолтаңбасы арқылы куәландырылған, тұрғын үй көмегін тағайындау (тағайындаудан бастарту) туралы құжат болып табылады.

тұрғын үй көмегі, оны алуға құқығы бар жағдайда, өтініш берген айдан бастап сол тоқсанға тағайындалады.

отбасының (азаматтың) табыстарын растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін тоқсан сайын тұрғын үй көмегін алушыларды қайта тіркеу жүргізіледі.

7. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының және коммуналдық қызметтерді тұтынудың келесі әлеуметтік нормалары ескеріледі:

- 1) электр қуатының нормалары (бір айға):
бір бөлмеге - 114 квт/сағ;

екі	бөлмеге-	138	квт/сағ;
үш	бөлмеге-	150	квт/сағ;
төрт	бөлмеге-	162	квт/сағ;
бес	бөлмеге-	174	квт/сағ;
алты	бөлмеге-	198	квт/сағ.

2) бір тармақты газбен жылыту аппаратының есебімен (бір айға) -1022 м³;
екі тармақты газбен жылыту аппаратының есебімен (бір айға)-1496 м³;
ыстық сумен жабдықталған газ плитасына бір адамға (қыста) - 23,1;
ыстық сумен жабдықталмаған газ плитасына бір адамға (жазда) - 29 м³.

3) су пайдалану нормалары:
ауыз су тәулігіне бір адамға -6,3 м³;
су құбырымен және ваннамен жабдықталған тұрғын үйлер тәулігіне бір
адамға - 9,0 м³;

көп қабатты тұрғын үйлерінің ішкі су құбыр желісі 1м² -8,62 тенге.
ай сайынғы ішкі аулаға су өткізу желісімен қамтамасыз ету қызметіне, бір
үйге - 164 тенге;

4) коммуналдық қызмет тарифтері:
есептегіш құралдарының көрсеткіші бойынша
есептегіш құралдарының көрсеткіші болмаған жағдайда:
ыстық су бір адам үшін:
90 литр x30,4 күн /1000x302-40=827-36 теңге.
жылу энергиясына қосымша құн салығымен 1904,67тенге;
көп қабатты тұрғын үйлердің ішкі инженерлік коммуникациялық
құбырларына техникалық қызмет көрсету-15,42 тенге.

8. Коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің тарифтерін және нормаларын қызмет берушілер ұсынады.

3.Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу

9. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысы тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу бойынша уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы жиынтық табысы Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 " Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді

немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

4. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу тәртібі

10. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру қала бюджетінде тиісті қаржылық жылға қарастырылған қаражат негізінде жүзеге асырылады.

11. Тұрғын үй көмегін төлеу есептелген сомаларды алушылардың жеке шоттарына екінші деңгейлі банктердің бөлімшелері арқылы аудару жолымен жүргізіледі (келісім бойынша).

Шоттарға ақшалай сомаларды аудару уәкілетті органмен ай сайын жүргізіледі.